

"Ақмола облысының елді мекендер аумағында жер учаскелері жеке меншікке беру кезде олар үшін төлемақының базалық ставкаларын белгілеу туралы" бірлескен Ақмола облысы әкімдігінің 2015 жылғы 21 қазандағы № А-10/480 қаулысына және Ақмола облыстық мәслихатының 2015 жылғы 21 қазандағы № 5С-42-3 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Ақмола облысы әкімдігінің 2020 жылғы 7 қазандағы № А-10/506 қаулысы және Ақмола облыстық мәслихатының 2020 жылғы 7 қазандағы № 6С-50-4 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 9 қазанда № 8071 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес, Ақмола облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Ақмола облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. "Ақмола облысының елді мекендер аумағында жер учаскелері жеке меншікке беру кезде олар үшін төлемақының базалық ставкаларын белгілеу туралы" бірлескен Ақмола облысы әкімдігінің 2015 жылғы 21 қазандағы № А-10/480 қаулысына және Ақмола облыстық мәслихатының 2015 жылғы 21 қазандағы № 5С-42-3 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5106 болып тіркелген, 2015 жылғы 8 желтоқсанда "Арқа ажары" және "Ақмолинская правда" газеттерінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бірлескен әкімдік қаулысының және мәслихат шешімінің қосымшасында:

"Красный горняк" сөздері "Айдарлы" сөзімен ауыстырылсын.

2. Осы бірлескен Ақмола облысы әкімдігінің қаулысы мен Ақмола облыстық мәслихатының шешімі Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Ақмола облысының әкімі
Сессияның төрағасы,
Ақмола облыстық
мәслихаты хатшысының
міндетін атқарушы*

Е.Маржикпаев

А.Жаксылыков